

Дала жағдайында геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлердің далалық жабдықтылым ақшасының салық салынуға жатпайтын мөлшерлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 сәуір N 443. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1328 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1328 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы K010209_ Кодексінің (Салық кодексі) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Дала жағдайында геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлердің далалық жабдықтылым ақшасының салық салынуға жатпайтын мөлшері - тәулігіне 2 айлық есептік көрсеткіш болып бекітілсін.

2. "Геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлерге дала жұмысы үшін ақы төлеудің мөлшері туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 5 қарашадағы N 674 P910674_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру жұмыстарымен шұғылданатын қызметкерлерге дала жұмысы үшін ақы төлеу туралы ережеде:

1) 1-тармақтың екінші "Қызметкерлеріне далалық жабдықтылым төленетін дала ұйымдарының тізімдерін жоғары тұрған ұйымдар жыл сайын, жылдық жұмыс жоспарларын бекітумен бір мезгілде бекітеді". және үшінші "Тізімдерді бекіту тиісті кәсіподақ комитетімен келісім бойынша жүргізіледі. Геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және іздестіру ұйымдарының (кәсіпорындардың) тізімге енгізілмеген, бірақ дала жұмыстарының орындайтын қызметкерлеріне далалық жабдықтылым ақы осы Ережеде көзделген тәртіппен төленеді". абзацтары алынып тасталсын;

2) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "4. Салық салынуға жатпайтын далалық жабдықтылым ақшасының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады."; 3) 7-тармақтағы "қызмет бабындағы

командировканы төлеу туралы" деген сөздер алынып тасталсын; 4) 8-тармақ алынып тасталсын. Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.21. N 935 қаулысымен. P020935_ 3. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Мамандар: Багарова Ж.А.
, Қ а с ы м б е к о в Б . А .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК